



У 2008


374

Т. Мананкулов
эл. Таразу
(Т. Мананкулов)





Қазақ өнерінің қайраткерлері



ББК 85.33 я 6
Ж 24

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Ж 24 Жаманқұлов Тұңғышбай.
Альбом. — Алматы: «Өнер баспасы», 2007, — 176 б.

ISBN 978-601-209-002-4

Бұл фотоальбомда Қазақстан Республикасының халық артисі, Мемлекеттік және Жастар одағы сыйлықтарының лауреаты, өнертану кандидаты, қазақ өнерінің ірі Тұлғасы, көрнекті театр және кино актері, режиссер, бүгінде бүкіл қазақ елі ғана емес, төрткүл дүниеге әйгілі болған, өнерсүйер қауымның көзайымына айналған айшықты сахна шебері, сындарлы суреткер, терең ойлы ғалым, ұлағатты ұстаз, көрнекті қоғам қайраткері Тұңғышбай әл-Таразидің (Жаманқұлов) өмір жолы мен шығармашылығы, адами болмысы туралы айтылады.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған бұл фотоальбом актердің балалық шағынан бастап, бүгінгі өнер, қоғам қайраткері дәрежесіне жетуге дейінгі, өмірлік жолы мен өнердегі шығармашылық шеберлігі жайлы сыр шертеді.

Фотоальбом театр мамандары мен жалпы ұлт өнері мен мәдениетін биік қоя білетін көпшілік оқырман қауымға арналады.

ББК 85.33 я 6


Ж $\frac{4907000000}{00(05)-07}$

ISBN 978-601-209-002-4

© Жаманқұлов Т., 2007

© «Өнер», 2007

Барлық құқығы қорғалған. «Өнер» баспасының жазбаша рұқсатынсыз альбомда жарияланып отырған портреттік суреттер, көркемдік суреттер мен графика үлгілерін көшіріп басуға және пайдалануға болмайды.



Түңгешбай Жаманқұлов





T. J. Kennedy

Тұңғышбай феномені

(талант кеңістігіне самғау)

Қазақтың ұлттық театры мен кино өнеріндегі бүгінгі жарық жұлдыздардың ішінде Қазақстанның халық артисі, ҚР Мемлекеттік және Жастар Одағы сыйлықтарының лауреаты, өнертану кандидаты Тұңғышбай әл-Таразидің (Жаманқұлов) орны ерекше. Ол – қазақ кино өнерінің аса көрнекті тұлғасы, театр сахнасына қойылған көптеген спектакльдердің орталық һәм басты кейіпкерлерінің бейнелерін жасап, репертуар ауыртпалығын қара нардай көтеріп келе жатқан, бүгінде бүкіл қазақ елі ғана емес, төрткүл дүниеге әйгілі болып, өнерсүйер қауымның көзайымына айналған айшықты сахна шебері, сындарлы суреткер, терең ойлы ғалым, ұлағатты ұстаз, көрнекті қоғам қайраткері.

Теміржолшының отбасында дүниеге келген Тұңғышбай әл-Тарази жастайынан өнерге құштар болып өсті. Кішкентайынан домбыра тартып, өлең айту оны, ақыры, өнер ордасына алып келді. Мектепті үздік бітірген ол әуелі жоғарғы техникалық оқу орнына түсіп, енді соның сиқырына ене бергенде, өнерге деген сүйіспеншілігі мен құмарлығы Құрманғазы атындағы консерваторияның актерлер дайындайтын бөлімінен бір-ақ шығарады. Жастайынан зерек, табиғатынан өнерге бүйрегі бұрып тұратын Тұңғышбай студент кезінен-ақ үлкен сахнаға шығып, театр құдіретін іштей болмаса да сырттай мольнан сезетін дәрежеге жетеді. Институт қабырғасында жүріп-ақ өзін актер ретінде мойындатқан А.Чеховтың бір көріністі «Аюында» Сидоров деген шағын ролімен сахналық жолын бастаған Тұңғышбай бүгінде жалпақ ел таныған тарландардың қатарында. Бұл – өзінен-өзі оп-оңай келе салған бақ емес – табан ет, маңдай тердің, күндіз-түні жатпай-тұрмай ізденудің нәтижесі. Актердің өз сөзімен айтқанда «...сезімге де, сөзге де билік жасайтын әрекет» екенін Тұңғышбай көкірегіне мықтап құйып алған-ды. Әрекет арқылы сөздің мән-мағынасын түсіну, сөзді ойнату, тірілту сияқты сахна өнерінің басты құралдарын меңгеруге ол барынша ден қойды. Ол кейіпкердің арғы тегіне дейін қазбалап, әдеби нұсқасына терең үңіліп түсініп алуды, сонан кейін барып сахналық, экрандық мазмұнына саналы түрде ойысуды әу бастан ойластырған актер-орындаушы ғана емес, азапкер өнерпаз, шынайы суреткер. Бұл тәсіл уақыт өте келе күрделі ізденістерде адастырмайтын шынайы бейнелеу құралына, тұлғалық мінезге айналады.

Театрдың негізі – қай заманда да әдебиет. Бірақ, осы бір етене ерекшелікті репертуарға жауапты қараса да, режиссер мен актердің көбі күні бүгінге дейін ескере бермейді. Ал, Тұңғышбай болса пьесаның көркем-идеялық мазмұнына тереңдей түсіп, ойнайтын ролінің сөзін үңіле қарастырып, сыр-қатпарларын ақтаруға жалықпайды. Сахнадағы әрекет – сөз әрекеті; бұл – Т. Жаманқұловтың жаңылыстырмайтын да адастырмайтын компасы. Оның атақты ұстаздары Хадиша Бөкеева мен қазақ актерларының ұлттық мектебін қалыптастырушы Асқар Тоқпанов шәкірттерінің шығармалық мүмкіншілігі мен келешегін жазбай танығандықтан, институт қабырғасынан бастап-ақ театрдағы қойылымдардағы көпшілік сахналарына қатысумен бірге шағын рольдерді ойнауға да мүмкіндік берген. Бұл – күнделікті оқу үрдісімен бірге актерлік шеберлік пен сахна құпиясын үйренудің таптырмас тәжірибесі. Тұңғышбай институтты 1973 жылы үздік бітіріп,

М. Әуезов атындағы академиялық Қазақ драма театрында актерлік қызметін жалғастыра береді. Т. Жаманқұловтың сахнадағы тұңғыш ойнаған ролі ақын Құдаш Мұқашевтің «Дала дастанындағы» төңкеріс идеясына берілген Бейсенбайдан бастап, ең соңғы өзі қойған Қ.Ысқақ пен Шахмарденнің «Қазақтарындағы» Жәнібек хан роліне дейінгі аралықтағы сан-алуан жанрдағы спектакльдердегі сан-қилы кейіпкерлердің қайталанбас сахналық портреттерін жасады. Қандай актер болса да, оның сахнадағы көркемдік жетістіктері ойнаған рольдерінің санымен емес, өзінің қайталанбас даралығымен сомдаған бейнелерімен өлшенбек. Осы тұрғыдан келгенде Тұңғышбайдың шығармалық жолы – мазмұнды да мағыналы актерлік ізденістің нәтижесі. Ол сомдаған сахналық тұлғалардың ішінде театр тарихына алтын әріппен жазылып, ұлттық көркемдік құндылығымыздан берік орын алғандары да бар.

Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» қойылымындағы жас та болса қолындағы сегіз өрім бұзау тіс қамшысымен, қаһарлы дауысымен ел шошындырған Көтібардың адымдаған қимыл-қозғалысы, түк басқан қабағы, өңменіңнен өтетін өткір көз тастасы – бәрі де қарт батырдың бейнесіне дөп келген. Жас алшақтығына қарамай, көне заманның керітартпа батырының бейнесін сомдау – актер үшін үлкен бір белес болғаны ақиқат. Ал, заманы бөлек болғанымен, өнері етене жақын сол М.Әуезов жазған «Қарагөздегі» Сырым серінің ролін Тұңғышбай шабытқа мінген қызулықпен ойнаған. Сахнадағы көз тартатын сымбаттылығымен, сазына келтіріп, шарықтатып, жан-жүрегінің бар пернесін қосып айтатын әуезді әнімен серінің «сегіз қырлы, бір сырлылығын» танытқандай әсерлі шыққан.

Актерлік өнерде ерекше әсерге бөлеп, бар ынта-жігер мен ізденістің көрігін қыздыра басатын тұстар да болады. Сондай сәттің бірі – М. Әуезовтың «Қараш-қараш оқиғасының» желісімен жазылған Қ.Ысқақтың «Таңғы жаңғырық» қойылымындағы Бақтығұл ролі. Спектакльдің әдеби негізі прозаны сахнаға бейімдеу болғанымен, драматург Қ.Ысқақ тартысты жанр заңдылығына сай, үйлесімді ұйымдастырған.

Кезінде белгілі себептермен М. Әуезов ашық бара алмаған отарлау саясатына қарсы күрес пьесада кейіпкерлердің нақты әрекеттерімен өткір де тереңрек қарастырылған. Соған қарай кейіпкерлер де, әсіресе бастылары даралық суреттуге ие болған. Олардың әлеуметтік сипаты актерлер ойынында барынша айқын, нақты қақтығыс үстінде ашылған. Бұған асықпай, барынша салмақты, әрі ұзақ жұмыс жүргізген Бәйтен Омаровтың ойлы режиссурасы да өз ықпалын тигізген. Спектакльдің декорациялық жасаулауына шақырылған ресейлік суретші В.Моховтың сценографиясы пьесаның көркем-идеялық мазмұнын ашуға үйлесімді шешімімен қойылымның сыртқы бейнесін жинақты жасаған. Сахна алаңын тұтас оқиға өтетін орынға айналдыруда спектакльдің көркемдік ауқымы эпикалық үлгіге түскен. Қойылымның басты кейіпкерлері Жарасбай – актер Асанәлі Әшімовтың, Бақтығұл – актер Тұңғышбай Жаманқұловтың түсініктемелері (трактовка) мен ойындарында шынайы сахналық бейнелеу тапқан нағыз актерлік табыс. Және осылардың орындаушылық кәсіби өнерінен спектакльдің көркемдік көркі барынша жарқырай түскен.

Актердің «Қан мен тер» кинофильміндегі көркемдік кескіні келісті шыққан Тәңірбергеннен кейін сахнада жасаған күрделі бейнесі – осы Бақтығұл. Бұл жай ғана қатардағы роль емес, үлкен әлеуметтік тартысқа араласатын, өзіндік мұрат-мақсаты айқын, өмірдегі орнын іздеген жанды кейіпкер. Актер мұны жігері жалын атқан, жан-жағындағы әлеуметтік құбылыстың құпиясын өзінше барлайтын, соған қарай батыл әрекетке бара алатын ірі адам етіп бейнелеген. Ал Жарасбай болса А. Әшімовтың суреттеуінде елге тірек болған, заманының саяси бағыт-бағдарын іштей таразылап, өзіндік айла-тәсілімен, алысты шарлаған ой-арманымен айқын суреттеу тапқан. Бір қызығы, екі актердің екеуі де сахнада шығармалық жарысқа түскендей, қойылымның тартыс желісін әрқайсысы өзінше ширата түскен. Бұл туралы Тұңғышбай әл-Тарази: «Асекең барын салып Жарасбайдың ішіне еніп алды, шындығын айтқанда, Жарасбай Асекеңнің сахнадағы ең бір сәтті шыққан дара кейіпкері деуге болады. Асекең спектакльді өзіне тартты, мен өзіме тарттым, сонымен тамаша бір егес басталды, күншілдіктің егесі емес, шығармашылық таза бәсеке, спектакльдің абыройын көтеретін ашық партнерлік бәсеке» деп жазды. («Наз», Нұрлы әлем, 2001, Алматы, 91-бет).

Тұңғышбай өз есебінде кино өнеріне кештеу келдім, – деп есептейді. Онысы рас. Алғашқы кино ролін білікті режиссер М. Бегалиннің «Орал – от құшағында» фильміндегі кішкене ғана эпизодтан бастаған ол, бергін келе майталман киноактер болып тез қалыптасып үлгерді. Жоғарыдағы тілге тиек болған Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының экрандық үлгісінде актер алғаш рет ұлттық театр мен кино өнеріндегі қазақ феодалының бұрыннан қалыптасып қалған стереотипті формасын, «қарынбай» ретінде қабылдау үлгісін тас-талқан етіп, атадан асық туған ер-азамат, ақыл-ойға терең, ел-жұрт қамы дегенде ет-жүрегі елжіреген, интеллектуалды тұлға Тәңірбергенді, қарасаң көз тояр сымбатты, сырлассаң – шерің тарқар білімір, ақыл мен жүректің әміріне бірдей бағынатын қазақтың көзқарақты қасқа жігіті етіп, бөлек призмада өте

әсем бейнеледі. Бұл жұмысына 1980 жылы Қазақстан Жастар Одағы сыйлығы берілді. Осы роль Тұңғышбайдың жалпы өнердегі бағын ашты десек те болады. Кейіндері әрқайсысы да айшықты болып, өмірге келген кинорольдер актердің тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізіп, сахна мен экранда қоюшы-режиссермен, сценарий, пьеса авторларымен тең сөйлесіп, тақырыпты талдап-талғай білетін, болашақ өнер туындысының өрелі шығуына өз үлесін қоса алатын, қосалқы автор ретіндегі нағыз ойшыл орындаушылықтың суреткерлік биігінен көріне бастады. Оған «Жаушы» фильміндегі Әбілқайыр хан ролі дәлел. Тұңғышбай Әбілқайыр ханды экранда үш қайтара орындады, кейінгі екеуі В. Пұсырмановтың «Хан Әбілқайыр» деп аталатын және көп әңгіме болған «Көшпенділер» фильмдерінде. Араларына бір-екі жыл салып, бірінен соң бірі өмірге келген А.Тәжібаев түсірген «Ақырғы аманат» фильміндегі Ораз мерген, режиссер Ардақ Әмірқұловтың талай халықаралық деңгейде өткізілетін кинофорумдарда басты жүлделерді қанжығасына байлаған озық туындысы «Отырардың күйреуіндегі» Қайырхан образы үшін Т. Жаманқұловқа 1992 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Сол А. Әмірқұловтың «Жас Абайындағы» Құнанбай, жақында ғана жарық көрген Б. Қалымбетовтың «Сардарындағы» – атышулы Голливуд актерларының үлгісінен еш кем емес – Шонай рольдері Тұңғышбай Жаманқұловты актерлік орындау тәсілдері ерекше, бір-бірін қайталамайтын қазақтың ірі тарихи тұлғаларын өнер дүниесіне әкелуші, әрі әр қазақтың жүрегіне жылы тиіп, көкейіне қона кететін ұлтымыздың ұлыларын, халқым деп камрыққан хандарын «тірілткен» бірден бір суреткер ретінде қабылдап, елдің ең сүйікті өнерпазы ретінде жаңа тарих сахнасына алып шықты.

80-ші жылдары сахнаға қайта қойылған Т. Ахтановтың «Жоғалған дос» спектаклінде негізгі ой, драмалық мақсат адам тағдырын шытырман оқиғаны тартыс үстінде көрсетуге бағытталған. Қаһарман психологиясының санқилы қалтарысын ақтарып, кейіпкердің оқыс әрекетке баруы мұнда айқын көрініс берген. Драматург кейіпкерлерін өмірдің қиын өткелдерінен өткізеді, сұрапыл соғыс көріністері бейбіт еңбекке ұласады. Бұл құбылысты ең алдымен, Т. Жаманқұлов сомдаған Мырзахмет бейнесінен толық аңғаруға болады. Ол өзінің көмекшісі Маңғаспен ұрыстан кейінгі үзілісте сырласып отыратын сахнасында, біріне-бірі шынайы жылылықпен, ұрыстан бір сәт қалт еткендегі толғанысқа толы сыр шертсетін көрінісінде анық байқалады. Екі әскери адамның ішкі сезіміне құрылған әсерлі сахналық құбылысты көрермен қауым кезінде бар ықылас-ынтасымен өте жылы қабылдаған.

Бұл қойылымның ой-тұжырымы бұрынғысына қарағанда (бұл шығарма М. Әуезов театрының сахнасында екі дүркін қойылған) бүгінгі күннің талабынан қарастырылған. Мұнда Отан соғысынан оралған азаматқа көңіл бөлінбей, өлім мен оттың қырғынынан әскери міндетін барынша мүлтіксіз орындап қайтқан жанның елеусіз қалуы, жанын шүберекке түйіп, қанын төккен майдангердің назарға ілінбей, ескерусіз қалуы сияқты көкейкесті мақсат спектакльдің ең негізгі көркем-идеялық мазмұнына айналған. Мұны, ең алдымен, қойылымның режиссерлік (реж. Ә. Мәмбетов) ой-тұжырымымен бірге негізінен – талантты актер Т. Жаманқұловтың ойынынан пайымдауға болады. Ол Мырзахметтің бейнесін жан-жақты қарастырып, ерекше шабытпен ойнаған. Отан алдындағы борышын мүлтіксіз атқарған, ой-өрісі кең, әскери іске жетік, қажырлы да қайсар командирдің бейнесін асқан шеберлікпен, үлкен интеллектуалдық өремен сомдаған.

Спектакльдің соңында көп жылдық үзілістен кейін көрермен қауым Мырзахметпен қайта кезігеді. Көңілге түскен қаяудың жан жарасына айналуы, ендігі өмірге өкінішпен қарайтын ол ішкіліктің салдарынан мүлдем өзгерген кісікіктік, жалғыздық тірлікке әбден мойынсұнған адамның бүгінгі жағдайы үлкен трагедияға ұласқан. Бір кездердегі сымбатты офицер, сері жігіт майдан даласынан жараланып, өлі мен тірінің арасында болып қайтқанда ешкімнің назарына ілінбеуі – оның жүрегіне намыс отын тұғатып, қайсар азамат қияли болып, таусыла күйзеліп өз ошағына жуымайды. Не де болса өзімен-өзі болғанды, бар дүниеден баз кешкен баянсыз өмірді қалайды. Кейіпкердің осы бір характер ерекшеліктерін Т. Жаманқұлов ғаламат терең түсінген. Баяғы жүзінде күлкі ойнаған аңқылдақ, ақжарқын адамның, от шарпыған шайқастарда ажалды жеңген жанның ендігі рухани күйзелісін актер терең ашқан. Қонақ үй сахнасындағы орындаушының психологиялық толғанысқа толы қимыл-әрекеті барынша нанымды, соғыс зардабын тартқан адамның көңіл-күй арпалыстарын шырқау биіктегі трагедиялық тебіреніспен жеткізген. Актер Мырзахметтің жалғыз кешкен ит тірлігін өзінше – нағыз суреткерлікпен осылайша ақтаған.

Т. Жаманқұловтың осы тақырыпқа байланысты асқан шабытпен ойнаған рольдерінің тағы біреуі – Д. Исабековтың «Кішкентай ауыл» қойылымындағы Демесін. Драматург кешегі Отан соғысының оқиғасына бүгінгі күннің көркемдік танымымен үлкен әлеуметтік мәселе көтерген. Мұнда кешегі соғыс кезіндегі қарапайым адамдардың Жеңіс күнін жақындату жолындағы қажырлы күресі, қиындыққа мойымай, майдан қажетін өтеу жолындағы ауыр да, бірақ шынайы патриоттық сезімнен туған әрекеті суреттелген.

Режиссер С. Асылханов спектакльдің пластикалық шешімін оңтайлы ойластырумен бірге, жеке орындаушылардың рольдерін толық меңгеруіне көңіл бөліпті. Мұнда актерлік ансамбльдік тұтастық болуы да содан. Актерлік жетістіктің биігінен көрінген Т. Жаманқұловтың мол ізденісі – спектакльдің басты жетістігі. Басынан жараланып, соғыс зардабын тартқан жанның кейде өз әрекетін тежей алмай, артық қимылға, қисынсыз сөзге кетіп қалатын тұстарын ескерсек, бұл рольдің сахналық бейнелеу қиындығы өзінен-өзі түсінікті. Демесін араласқан жерде сахнадағы әрекет өзгеріп сала береді. Оның аумалы-төкпелі мінезі аяқ астынан өзгере қалатын оқыс қимыл әрекетін енді бірде асығып-үсігіп, ойына оралған істің орайын іздестірумен өтетін көріністердің бәрінде де сахналық мақсатты терең түсініп, кейіпкердің әлемін жан-жақты барлаған. Орындаушы актер кейіпкерінің ішкі көңіл-күйіне қарай сырт пішінін, жүріс-тұрысын, тіпті, киіміне дейін ойластырып қарастырған. Оның адымдай басқан ширақ жүрісі, екі құлағы далақтаған құлақшыны, беліне байлап алған жаутымағы, сұңғақ бойына өте жарасымды шинелі – бәрі де Демесіннің табиғатына үйлесім тауып, характерін толықтыра түсетін табиғи детальдарға айналған. Ол өзінің тамаша орындаушылық өнерімен тұтастай спектакльдің ой-тұжырымын тереңдете түскен. Қойылымның көркемдік сипаты Демесіннің сахналық бейнесіне тікелей байланысты екенін орындаушы толық ескерген.

Спектакльдің басында дорбасын арқалап шыға келген Демесіннен балалардың шошып-үркуі, онан әрі балалармен бірге «ойнап» кететін соғыс ойыны оны өткен күннің оқиғасына еріксіз еліктіріп әкетеді. Өзін-өзі ұстай алмаған Демесіннің бір көңіл-күйден екінші бір көңіл-күйге ауысуын актер шеберлікпен, жүйелі үйлесіммен береді. Соғыс ойынынан «майданға» кіріп кеткен Демесін соңғы «фашист» қалғанша шайқасып, Мүтән атты баланы ұрып жыққанда, сонау қанды ұрыстың ортасында жүргендей сезінді. Қарсы алдынан Ардақ тосқан Сталиннің суретін көргенде, әскери тәртіппен рапорт берген Демесін бір сәт есін жиғандай, фашист деп қуып жүргені өз ауылының баласы болып шыққанда басын ұстап, бір уыс боп шоқиып отырып қалуы, бәрі-бәрі – актер ойынындағы психологиялық толғанысқа толы керемет өнерпаздық табыс. Т. Жаманқұлов мұнда өзінің орындаушылық шеберлігімен қайсыбір кейіпкер тұлғасын жасауға бүгінгі бейнелеу тәсілдерімен шектелмей, халық өнерінің мол қазынасынан да үйлесімді нышандардың көзін тауып пайдалануға болатынын дәлелдеп берген сияқты.

Т. Жаманқұлов ұзақ жылғы шығармашылық жолында драматургия жанрының барлық түрлерінде талай кейіпкерлердің қайталанбас бейнелерін жасады. Бесаспап актер комедия, драма, трагедия, эксцентрикалық комедия, эстрадалық миниатюра, тіпті, қажет десеңіз, салмағы зілбатпан психологиялық драма жанрларындағы кейіпкерлерін де көркемдік талғамдықпен еркін меңгеріп, сахналық бейнелеу құралдарының біріне-бірі ұқсамайтын үлгі-түрмен қарастырудан жалықпаған сахна шебері. Және ол жанрларды ешқашан да шатастырып, бір-біріне ұқсата бытыстырып араластырған емес, керісінше, олардың әрқайсысы өз орнында, өз биігінде болып келеді. Реті келгенде айта кеткен жөн, бүкіл қазақ телекөрсетісіннің талай жылғы көзайымы болған, өзі бірге ұйымдастырып шаңырағын көтерген «Тамаша» атты эстрадалық телетеатрындағы бас-аяғы бір-екі жылғы жұмысы – теңдессіз, мінсіз шығармашылық қадам ретінде қаралуға тиісті феномендік құбылыс және бұл бөлек талдауды қажет ететін еңбек. Өйткені, сол телетеатрды жалықпай, үздіксіз тамашалайтын көзқаракты көрермен Тұңғышбайдың кезіндегі өте әдепті әзілді, мәдениетті әжуаны, ойлы әрі әлеуметтік астары алапат миниатюраларды әлі күнге сағынатынын жасырмайды. Осы тұрғыдан келгенде, М. Әуезов театрының сол жылдардағы айшықты спектакльдерінің бірі, орыстың әйгілі жазушысы М. Булгаковтың «Жендеттеріндегі» («Кабала святош») король Людовик XIV ролін дайындау үстінде актер көп тер төгіп, бұрын-соңды мүлдем таныс емес әлем мен тарихи ортаны беріле зерттеп барып, оның нанымды бейнесін жасаған. Келісті табылған корольдің сырт пошымы оның ішкі көңіл арпалысын ашуға әдемі дәнекер болған. Назар аударатын жайдың бірі – бұл спектакльде Т. Жаманқұловтың асқан талант иесі Нұрмұхан Жантөринмен сахналық жұптастықта болуы. Француз актері, әрі драматург, өз кезеңінің ерек тұлғасы Ж.-Б. Мольердің роліндегі Жантөринмен иық теңестіре отырып өте сәтті дүние жасағанын кезінде Мәскеудің кірпияз сыншылары ризашылықпен мойындаған болатын. В. С. Мажуриннің өрнекті режиссурасы қойылымның өзекті тұсын осы екеуіне, яғни Мольер мен король Людовик XIV негіздеп жасағанын ескерсек, бұл мақсатты екі актер де терең эрудициялық таныммен шығармашыл тандем құрып, биік актерлік шеберлікпен орындап шыққан. Сұңғақ бойына жараса кететін Европа үлгісіндегі корольдің сылқым пішілген сұлу киімі, өте табиғилықпен жасайтын сол заманға сай қимыл-қозғалыс пен үйлесімді әрекет, орынды ым-ишарат, астары терең қуақы, ойлы көзқарас, сахнаға сән кіргізетін тектілерше сөз саптау мәнері – осының бәрі ол кезде әзірге жас актер саналатын Т. Жаманқұловтың нағыз суреткерлік шеберлікке бой ұрған хас жүйрік екендігін толығымен дәлелдеген болатын.

Орыс классикасынан Т. Жаманқұлов сәтімен жасаған Астров – А. П. Чеховтың «Ваня ағай» қойылымындағы өзінше шынайы сомдалған сахналық бейне. Режиссер Ә. Мәмбетов қойған бұл спектакльде адамдардың қиындыққа мойымай, оны жеңуге, болашақтарына сеніммен қарау идеясы үстемдік құрған. Қоятын пьесаның көркемдік-идеялық мазмұнына бүгінгі күннің талабынан, тың эстетикалық көзқараспен келу – Ә. Мәмбетов режиссурасына тән ерекшелік. Мына қойылымда бұрынғы классикалық таптаурындықтан бойын аулақ ұстап, сахналық түсініктемеге тыңнан келген. Спектакльдің тұтас шыққан көркемдік болмысы мен актерлік ойындардың даралық табуы да содан. Сондай көркемдік сипаты айқын актерлік табыстардың бірі – Т. Жаманқұлов ойнаған Астров ролі. Режиссер мен орындаушы кейіпкерлердің сырттай сезілетін сенімсіздік, үмітсіздікпен бірге өмірге деген құштарлық ұшқынын, күйбең тірліктің ұсақ-түйегінен биіктеу тұру мүмкіншілігін, «тұрмыстық» қиындық құрсауынан жан аямай күресу нышанын аңғару – қойылымның идеялық нысанасын айқындаған. Т. Жаманқұловтың Астров – рухы мықты, уайымға берілмейтін табанды жан. Ол өзін қоршаған ортаға байсалдылықпен қарайды. Мұның сенімсіздігінің шекарасы бар. Өмірден түңілу мұнда жоқ. Өмірдің өзгеруіне қарай оның іштей толқыған жігері бұғауды үзіп шығуға дайын. Сонан оның маңдайын тіреп тұрып отырып қалуы, кейде орындықтан алысқа көз тастап, қадала ойланып қарауын, бір сәт ол «сілкініп» ерекше қатал, жылата да күлдіре сөйлеп кетуі – Серебряков үйінің ұйқылы-ояу тыныштығын бұзып кетуі ғажап емес. Актер Чехов қаһарманының ішкі әрекетін осылай түсінген. Кейде бұл – пьесадағы баяғыдан қалыптасып қалған Чеховтік дәстүрді бұзу болып көрінуі мүмкін. Режиссер мен актер кейіпкер бейнесін жасауға бүгінгіше келіп, пьесаны өзінше оқып түсінген. Бұл Астров дұшпандарымен қарсыласып, ашық күреске шықпайды. Ол, бәрібір, ештеңенің өзгермейтінін біліп, адамдар арасындағы араздық пен ұрыс-керістен айналып өтеді. Бұған адамдардың айыпты емес екенін де біледі. Қоғамда өзгеріс болуы қажет. Өзірше мұндай құбылыс жоқ, енді не істеу керек екенін білмейді. Сондықтан, Серебряковты ату – қисынсыз да ақылға сыймайтынын іштей сезеді. Тек қана жұмыс істеуді уағыздайды.

Күнделікті мимырт тірліктің күйбеңінен, адамдар қарым-қатынасының пасықтығынан жоғары көтеріліп, бүгінгі өмір мен ертеңгі әлемге болашақтың көзімен қарау – Астров-Жаманқұлов әрекетінің тобықтай түйіні. Мұнда қызуқанды күрескерлік ештеме жоқ. Бірақ, іштей батыл, тәуелсіз, әрине, еркін адам. Актер ойыны осы бір сахналық сипатқа баруымен қымбат. Оның құпиясы да Чеховтың «герой емес» кейіпкерлерінің бүгінгі қойылымда геройлық деңгейге көтерілуінде.

Т. Жаманқұловтың режиссурадағы ізденісі Карло Гоццидің «Турандот ханшайым» думаны мен Мырза Ғапаровтың «Тұзды шөл» трагикомедиясын өз шәкірттерінің дипломдық спектакльдерін қайта қарап, М. Әуезов атындағы академиялық театрда жаңалап қоюдан бастау алған. Алғашқы әдеби нұсқаларымен танысудан бастап, сахнаға шығару үрдісіне ол жеті жылдан астам уақытын жіберіпті. Өзінің сөзімен айтқанда – «оқуға, зерттеуге, астарын түсінуге, сөз әрекеті мен ой түйіндерін ұғынуға, бұл не туралы пьеса, осылар арқылы не айтуға болады, сахнаға не үшін шығарамын», деген жолдарында режиссердің мұрат-мақсаты, болашақ спектакльдің көркемдік-идеялық бағыт-бағдары, сахналық тұжырымдамалары белгіленген. Және осы қысқа қайырылған ойларынан оның: режиссураның өзіндік ерекшеліктерін тануға, танымға деген мол ықыласы мен ілім-білімін бажайлауға болады. Бұл кәсібилік режиссураға апаратын адастырмайтын жол.

«Турандотты...» коюда Т. Жаманқұлов сонау Карло Гоцци мен Карло Гольдонидің бірін-бірі мойындамайтын айтысынан бастап, Е. Вахтанговтың атақты қойылымынан бері қарай ертегі-пьесаның сахналық тарихын бүге-шүгесіне дейін қарастырып шыққаны спектакльдің өн бойынан көрініп тұр. Ол орыс театрының тәжірибесіне сүйенгенімен, оның көшірмесі емес, өзінің көркемдік болмысымен, актерлердің қазақы қимыл-әрекетімен, қазақы мақамымен сөйлеу мен дауыс-үн ерекшелігімен қазақы сахналық туындының өзі болып шыққан. Классиканы ұлттық сахналық бейнелеу құралдарымен меңгеру осындай-ақ болар. Мұны біздің сахнамызда жарты ғасырдан астам жүрген Шекспирдің «Асауға-тұсауымен» ғана салыстыруға болар. Ол да алаңдағы халық театрының дәстүрімен қойылған.

Сонымен, Т. Жаманқұлов қойылымды думан-мереке ұғымына жақындатып, суырып салма, әдейі әсерлеу тәсілін кеңінен қолданып, актерлер әрекетінің санқилы аспаптардан топтастырылған оркестрдей өзіне тән байыпты ырғақ-екпінмен, әзіл-оспақ жарқын күлкісімен, сезім еркіндігімен көркемдік тұтастықта шыққан. Режиссер орындаушылардың әрқайсысымен жеке дара дайындық жұмыстарын жүргізіп, әр кейіпкердің дауыс үнін, қимыл-қозғалысын, бір-бірімен сахналық қарым-қатынасы қойылымның басты мақсатына қарай бір арнаға тоғыстырған. Мұнда халық театрының белгі-сипаттары да, қулардың күлкілі тапқырлықтары да кездеседі. Өмірге өзіндік сезіммен қарау – шаттық көңіл-күй қойылымның негізгі мазмұны. Мұнда ойнаған, режиссердің өзі оқытқан бір топ шәкірттері мен театрдың орта буын актерлері шеберлік даралықтарымен

көрініп, шығармашылыққа сенімділіктерін көрсеткен. Он төрт жылдан бері үзіліссіз жүріп келе жатқан спектакльдің сахналық ғұмырының әлі де жалғаса беретініне күмән жоқ. Оған оның көркемдік сипаты кепіл.

Режиссердің түн ұйқысын төрт бөліп, мазасын алған, философиялық астарға құрылған М. Гапаровтың «Тұзды шөл» атты күрделі пьесасы сахнада Т. Жаманқұловтың мол толғанысынан көрермен қауымның қиялын қозғап, ой салатын, өмірдің өзекті мәселелерін көтеретін мағыналы, ақылды спектакль болып шықты. Бас-аяғы алты кейіпкердің әрқайсысының біріне-бірі ұқсамайтын тағдыры бар. Осылардың өздеріне ғана тән мінезі мен жан дүниесін ашуға жеке рольдерге труппаның жетекші актерлерін таңдаған. Кейіпкерлердің биографиясына жүгінсек – осалы жоқ: кезінде бәрі де шетінен «сен тұр да, мен сөйлейтіндерден», қазір де сол баяғы ойынан тайғысы жоқ сабаздарың. Заман желі, уақыт болмысы бұларды әлдеқашан толқын жағаға шығарып тастаған қоқым іспетті елеусіз қалған пенделер. Режиссердің бұлар әрекет жасайтын оқиға орнын таңдауы да астарлы: ол шөл де, басқа да емес, кәдімгі қаланың сыртындағы қоқыс төгетін, лас жиналатын зәулім шұңқыр. Келісті үйлесімділік. Үлкен қаладағы өмірі тұйықталып, тірлігінің тынысы тарылған, қоғамнан ажырап қалған жандар тасадағы шұңқырды паналаған. Бұларды М. Горькийдің «Шыңырау түбіндегісімен» ғана салыстыруға болатын сияқты. Тұтас алғанда, бұл интеллектуалды, көркемдік шешімі тіптен бөтен спектакль Т. Жаманқұловтың режиссураға бейімділігін, пьесада суреттелген болмыстың сахналық көркемдік баламасын қарастыруға ойы да, білім-ілімі де жететінін танытты. Бұған қойылымның көркемдік сипаты мен эрудициялық салмағы және режиссердің бұл туралы өз ойын жан-жақты жеткізген жазбасында, өзінің «Наз» атты кітабындағы талдауы толық дәлел.

Егемендік пен бостандық – қазақтың асыл арманы болғаны белгілі. Туған жер мен елдің тұтастығы, халқының еркіндігі – кімнің болса да отансүйгіш сезімін оятып, ұлттық намысын жанитын күдіретті күш. Сақтың ұлы патшасы Томирисінің тұлғасын сахнаға шығару сол отансүйгіш сезім мен театрдың суреткерлік ұстанымын айқындай түскен. Елі мен жерін жаттан қорғаған сақтар аттан түспей, жорық үстінде күн кешкен. Бүгінгі көрермен қауым мұның астарын терең барлап қабылдады. Осы бастаманың тұңғыш қойылымы – драматург Шахимарденнің «Томирисі». Орысша жазылған пьесаны қазақшаға аударып, тамаша көркем тілмен әдеби нұсқасын жасаған жазушы – драматург Қалихан Ысқақ. Мұның жазылуы мен сахнаға қойылуына тікелей мұрындық болған да Т. Жаманқұлов.

Осы бір көркемдік ойды жүзеге асыруда шығармалық ұжым, қойылымның режиссері Тұңғышбай Әл-Тарази ұзақ дайындалып, кеңінен толғаныпты. Мұнан бұрын, біз жоғарыда тілге тиек еткен Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясындағы ұстаздық қызметіндегі студенттердің дипломдық спектакльдері Карло Гоццидің «Турандот ханшайым» мен қырғыз драматургі Мырза Гапаровтың «Тұзды шөл» трагикомедиясын дайындау тұсында бұрыннан көрген-білгендерінің үстіне өзінше режиссураның мол дайындығынан өтеді. Актер шеберлігінен сабақ беретін ұстаздың режиссерлік қабілеті болуы шарт. Осы пьесаны театр сахнасында режиссураның қыр-сырын меңгеріп, актерлермен жұмыс істеудің тұтас мектебі мен үрдістерінен өткен Т. Жаманқұлов режиссер мамандығын еркін меңгеріп кетеді. Толымды тәжірибе мен мол білім көкжиегінен көрінген оның жоғарыдағы аталған «Томирис» спектаклі – М. Әуезов театрының шынайы шығармалық жетістігі болды. Мұны безендірген суретшілермен ортақ тіл тауып, сахна алаңы трагедияның тұтас әрекет алаңына айналып, шексіз де шетсіз сақ даласының көрінісі мен беймәлім биіктіктегі көксенгір аспан бейнелі де әсерлі эпикалық шешім тапқан. Алыстан мұнартып көрінетін жота-адырлар, шаң мен қанға бөккен жусанды дала, қарауыл-мұнараларда садақ тартқан сақшы-жасауылдар, сахнаға асығып-үсігіп, жүгіріп кіріп, жүгіріп шығатын мұздай қарулы, түстері суық сақ көсемдері – бәрі-бәрі де алапағ айқастың трагедиялық атмосферасын ашуға орынды ойластырылған бейнелеу тәсілдері.

Қойылымға қатысушылар режиссердің көкірек көзінің көрегендігі мен бейнелеу өнер тарихындағы қырғын соғыстарды кескіндейтін әйгілі панорамалармен ой жалғастырып, ұрыс көріністерін екінші планға реалистік үлгіде қарастырудан көп ұтқан. Және жұмсақ материалмен көркемдеп, оған онтайлы жарық түсірумен қойылымның сырт-үлгі пішінін де трагедия мазмұнына үйлесімді келтіруге ұмтылған. Енді осы келісті шешімге режиссердің орындаушылармен жүргізген сәтті жұмыстарын қоссаңыз, қойылымның көркемдік-идеялық мазмұнының жарқырап ашылуының сыры айқындала түседі. «Мен нашар актерді рольге шақырмаймын, орта талантты қомақты тұлғаларға салмаймын» деген Т. Жаманқұловтың батыл байламынан режиссер ретінде спектакль қоюдағы жауапкершілікті, шынайы суреткердің эстетикалық мұратын толық аңғаруға болады. Бұл – екінің бірі айтатын сөз емес, кәсіби маманның көркемдік жауапкершіліктен тайсалмайтын нағыз режиссердің сөзі.

Тарихи қойылымдарда халықтық сахналардан көркемдік шешім мен нақтылықты талап ететіні

белгілі. Мұнда сол шарт сақталған. Режиссер оқиғаға тікелей араласпайтын кейіпкерлерді екінші планға орналастырып, авансценадағы әрекетін аяқтағандар сахнаның төріне қарай ойысып, солармен араласып кетуі – өтіп жатқан оқиғаға эпикалық ауқым, көркемдік тұтастық, шексіз кеңістік берген. Және ойластырылып түсірілген жарық, шығарманың мазмұнына сай жазылған Ә. Бестібаевтың музыкасы да бұл мақсаттың орындалуына мол септігін тигізген.

Режиссер спектакльдің оптимистік рухта аяқталуын ұтымды қарастырған. Қасиетті жусанды даланы қанымен қорғаған ерлерін, күйеуі мен баласын жерлеуге аттандырып жатқанда бәрінен айырылып, қарақан басы қалған Томириске Елестің «Балаңды құрбандыққа шалдың, байды да құрбандыққа шалдың, өзің ғана қалдың! Өзіңе не қалды!», – деген уытты сұрағына оның сабырмен айтылатын: «Сақ деген ел қалған жоқ па?! Сақтың сары даласы – жер қалған жоқ па!» сөздері – түбі бір түркілердің азаттық ұраны іспеттес. Сонан әрі патшайымның: «Өлді деп ешкім айтпасын... Өлгенімізді ешкім білмесін... Сақ біткен бізді тірі деп түсінсін. Біз сары далаға әлі сан рет қайта ораламыз!», – деп сахнаның төріне қарай жайымен жылжығанда соғыс даласының сай-салаларынан сақтардың бірінен соң бірі қайта «тіріліп» патшайымды қарсы алуында терең символдық мән-мағына бар. Осындай «тобықтай түйінмен» спектакльге нүкте қоя білу – режиссерлік тапқырлық, суреткерлік қарым биіктігі.

Т. Жаманқұловтың соңғы қойылымы Т. Ысқақ пен Шахмарденнің «Қазақтары» оның режиссурасының толығымен қалыптасып қалғанын, әрі жаңа бір тың белеске көтерілгенін көрсетті. Жоғарыдағы әңгіме болған бұл күрделі пьеса да қазақ халқының дербес мемлекет құру жолындағы күресін суреттейді. Бұлардың тақырып ұқсастығымен бірге, идеялық бағыт, көркемдік мазмұны жағынан бірін-бірі іштей толықтырып, драмалық тартыс желісі де қазақ ұлтының ел болудағы қан кешу тағдырына арналған.

Пьеса тағы да Т. Жаманқұловтың ықпалымен, авторларға тапсырма беріліп, өзінің тікелей араласуымен жазылды. Пьесаның көркем-идеялық маңыздылығын, әсіресе, өткен тарихқа мән бере бермейтін бүгінгі ұрпаққа танымдық ерекшелігін терең пайымдаған ол, пьесаны сахналау үрдісінде мұның сахналық нұсқасын да жасап шықты. Өткір әлеуметтік тартысқа құрылған драманың диалог-монологтары ширақ, бұрынғы осы тақылеттес қойылымдардағы даңғазға айқай мен жойқын музыка ойнатып, көрерменнің миын мипалау ететін әдістерден аулақтап, сөздің астарының қорғасындай салмақты келіп, төкпе шешенсөздердің бірі де шашау шықпай, керісінше, қат-қабат мірдің оғындай өткір болып, тыңдаушының жетесі мен жер-жебіріне жететіндей етіп, көзделген нысанаға дөп тиетіндей, кейіпкерлер характеріне қарай дараланып берілген.

Режиссер Т. Жаманқұлов бұл қойылымға мол дайындықпен кіріскен. Ол сол заманның тарихын, қоғамдық-әлеуметтік сипатын жан-жақты қарастырып, этнографиялық, археологиялық материалдарды ақтарып, сан қилы топтар арасындағы қайшылық қарым-қатынастарға, дәстүр мен әдет-ғұрып ерекшеліктеріне мол көңіл аударған. Осы танымдық ізденістерінің нәтижесін тұтас қойылымның көркемдік болмыс-бітімінен толық көруге болады. Ең алдымен, режиссер қойылымның сахналық архитектурасын, пластикалық бейнесін ұтымды тапқан. Алыстан естілген ескі әуеннің үнімен шымылдық баяу жылжып ашылады. Әуенде ерекше бір үн бар, сол кездегі дәуір тынысын сездірер сазды да мұңлы. Әлі ұлтқа бөлініп үлгермеген далалықтардың ортақ үні, алдағыны болжап болмайтын тылсым дүниеден, тарих қойнауында жатқан құпиядан сыр шертердей әсерлі де шерлі. Музыка ырғағымен сахнаға түскен жарықтан үш деталь: оттай жанған қып-қызыл Күн, көкпенбек Аспан, сары алтындай Дала көрінісі көз алдымызда. Режиссер қойылым оқиғасының өтер орнын сахна кеңістігін толық пайдалана отырып анықтаған. Жалпы, орыс театрына көп еліктейтін қазақ режиссурасында сахна кеңістігін дәл Т. Жаманқұловтай ұлттық ерекшелікке сай, ұланғайыр етіп пайдалана білгені кемде-кем. Бұл тәсіл Тұңғышбайдың ұлттық намысының күшті екендігінің мысалы іспеттес, әрі өз ұлтын шексіз сүйетіндігінің айғағы.

Осы ұланғайыр кеңістікте әлсіздеу түскен жарықтан көмескілене көрінген үш балбал тас та (обалар) айналмалы сахнада дөңгеленіп келеді. Олар бізге жақындай түседі, беті бізге қарай бұрылған біріншісіне жан бітіп адамға айналғандай ма, қалай... көзі, аузы, сақал-мұрты анық көріне бастады. Кенет... сөйлей бастады. Тереңнен, алыстан, ғасырдан, жеті қабат жер астынан! Дұрысы он бесінші ғасырдан. Екіншісі де, үшіншісі де дәл солай, асқан сабырмен, қою, қоңыр дауыспен алдағы өтетін оқиға желісіне көрерменді баурап әкетіп бара жатқандай әсерлі.

Балбал тастар «сөйлеп» біте бергенде, айналма тоқтағанда сахнаның төр жақ түкпірінен көмескі сұлбалар, балбалдар орындарынан түрегеліп, түкпір-тұңғыққа кетіп бара жатқандарға сол түкпір тұңғыықтан қарсы шыққан топ екпіндей басып бір-бірімен қарсы келе араласып кетті. Қойылымның әрбір көрінісі осындай тәсілмен ауысып отырады. Бұл тәсіл – бүгінгі біздердің санамызға өткен заман елесінің сыналап кіруінің режиссерлік әдіс-шешімі ретінде спектакльдің өн бойынан өтіп, көрермен залына қарай асқан екпінмен ентелеп келе жатқан кейіпкерлер «жасағы» көрінісі ауысқан сайын, әрдайым қайталанып отырады.

Авансценаға ентелеп келген, шапандары мен бөрік-белбеулерін әлі киіп «үлгермеген» орындаушылар көрерменмен бетпе-бет келіп, ілкі уақыт сана-сезімін жинақтап бір сәт үнсіз тұра қалуы - алдағы өтетін оқиғаға деген жауапкершіліктері мен азаматтық қасиеттерін жинақтаған қас-қағымдағы дайындықтарының, ұлы сахнаға деген, тарихқа деген, ата-баба аруағына деген ұрпақтық серттерінің көрінісіндей, үш сағатқа таяу бірге болып, қойылым оқиғасына еніп, елендеп отыратын көрермен қауымды қызықтырудың айқын бір мысалындай.

Міне, көк аспанға қарап, бір сәт осылай «тыныс» алған актерлар қатарласа тұрған бір-бірімен үнсіз үндесіп, «ал, бастайық» деген белгі бергендей, киімдерін иықтарына іле бастайды... Басталды!..

Екпінді әуеннің ырғағымен сахнаға көрерменнің «көзінше» қазіргі болатын көріністің декорациясы мен реквизиттері «келе» бастайды. Оларды сол оқиғаға қатысатын орындаушылар немесе көзге көрінбейтін театр жұмысшылары әлсіз жарықта, алакеуімде әкеліп, тиісті орындарына орналастырып жатқанын көрермен де көріп отырады. Бұл тәсіл спектакльдің «жүрек қағысына» көрерменді де елітіп, ертіп алу дегенді білдіретін сияқты.

Т. Жаманқұловтың режиссурамен бірге сахнада роль ойнау ерекшеліктері де соңғы кездері мол ізденістің үстінен көрініп жүр. Және ол рольдері сахнадан тек қана бой көрсетіп, сөзі мен бір-екі болымсыз әрекеттің желісімен тындыра салатын дүниелер емес. Бәрі де ыждағаттықты, қопара қарастыруды, сәтсіз әдеби-тарихи кітаптардан дәйек пен дәнек іздейтін сауаттылықты, сонан туындайтын ойлы түсіндірме мен шеберлікті тілейтін күрделі кейіпкерлер. Сол көп кейіпкерлердің ішінен актер шығармашылығында орны бөлек, бейнелеу қалпы биігі – Абылай ролі.

Қазақтың академиялық М. Әуезов атындағы драма театры, Тұңғышбай Жаманқұлов осы театрға басшы боп тұрған кезінде халқымыздың басынан кешкен талай күрделі құбылыстарды заман рухына сай дәлділікпен, көркемдік өткірлікпен суреттеуде ізденіс танытып, батыл тақырыптарға барғаны өнер сүйер қауымға аян. Сондай ізденістердің бірі – «Абылайханның ақырғы күндері» қойылымы. Пьесаны сахнаға қойған автордың өзі – Маман Байсеркенов. Бас-аяғы үш кейіпкердің әрекетіне, үлкен тарихи құбылыстың желісіне құрылған сәтті драмалық туынды. Айналасы үш күннің ішінде өтетін оқиғаға автор Абылай заманындағы аласапыран қоғамдық қайшылықтың тарихи болмысын ашып, көркемдік таным биігінен көрінеді. Талай дүбірлі де шытырман, не бір сойқан оқиғаларға толы күндерді, жақсы мен жаманды, жеңіс пен жеңілісті басынан кешірген Абылай сырқатының сыр беруі үлкен толғанысқа, іштей күйзеліске әкелген. Түптеп келгенде, бұл – қазақ халқының тарихи өмір белестерін, өткені мен болашағын психологиялық толғаныс үстінде бейнелейтін қойылым.

Спектакльде әрекет жасайтын үш кейіпкер болғанмен, барлық оқиға мен ішкі тартыс желісі Абылай мен Бұқар жырау арасында кейде диалог, кейде монолог арқылы өрілген. Пьесаның идеялық көркемдік мазмұнының терең ашылуына, түптеп келгенде, осы екі рольді ойнайтын актерлердің шығармашылық қабілеті мен шабытына тікелей байланысты. Абылай бейнесін жасаған Тұңғышбай Жаманқұлов шын мағынасында қойылымның ауыр жүгіне мойымай, өзіне тән суреткерлік өнерімен көтеріп алады. Бұл – көп жылғы шығармашылық ізденістердің қорытындысы іспеттес сүбелі актерлік табысы. Ол автормен бірге ой жарыстырып, Абылайды қазақ халқының аса күрделі тарихи кезеңдегі ел басшысы, саяси дара тұлға дәрежесіне көтерген. Актердің әрбір қимыл-қозғалысқа, сөзге, психологиялық толғаныс сәттеріне ерекше мән беруі осыдан. Ол кейіпкердің көркемдік қуаты, сахналық болмыс-бітімі бөлек бейнесін жасайды.

Жиырма жасында тәж киіп, бар ғұмырын билікпен өткізген Абылайдың да төрт құбылысы бірдей түгел емес екен. Ол да ет пен сүйектен жаралған. Тірі пендеге ортақ арман мен мұң, сүйініш пен күйініш, іштей мазалайтын көңіл-күй арпалысы бұған да тән. Абылайды алаңдатағын меңдеген сырқат пен тақап қалған ажал емес, артында қалып бара жатқан жалпақ елінің тағдыры, соның бүгінгі мен ертеңі. «Алты алаштың айбыны мен айбары... Алда-жалда туы қисайып, шаңырағы шалқая қалар күн туса, бұл халыққа кім ие?.. Айдынынан, Абылайынан айырылған күні не болмақ?..» Сұрақ-жауаптармен берілетін диалогтар мен монологтар актердің шынайы ойынан мазмұн-астары терең ашылып, қазақтың кешегі мен бүгінгі тіршілігінің жанды суреті көз алдыңнан елестеп, тізбектеліп өте береді.

Қойылымның көркемдік таным қуатын, болмыс-бітімін қай сахнадан болса да еркін аңғаруға болады. Бұқар жыраумен кездесетін алғашқы сахналарда өз заманында жан-жақты анталап, ұланғайыр қазақ жеріне көз алартқандарға тойтарыс беріп, кейбір сәтсіздіктерден айырылып қалған жерлерді қайтарып алған Абылай «екі айдаһарды бей-жай қалдырмайды» дегенін расқа шығарды. Актердің бірде ойға батып, кейде қабағы түсіп іштей тынса, енді бірде ащы мысқыл күлкіге ойысуы Абылай әлемін терең ұғынудан туған.

Абылайдың өкініші мен күйінішін ашуда орындаушы ұстамдылықты ұмытпай, сан-қилы бейнелеу тәсілдерін қолданады. «Тақиядай төбенің бір түп көдесіне таласып, кең даланың сай-сала-

сына симай жүрген» қырық пышақ қазақтың кейбір сүйкімсіз мінездерін шенегенде Абылайдың (Жаманқұловтың) түр-түсі өзгеріп сала береді. «Атысатын жау мен айтысатын даудың өз ішімізде...» екені ханның жанын күйзелтіп, билікке таласқан қандастарының қанына сіңіп кеткен кейбір кикар қыңырлығына, аттан түскенін тақтан түскендей көретін, өліспей беріспейтін, жаға жыртысатын қылығына зығырданы қайнайды. Сырттай сыр бермесе де іштей ашуға булығып, тағынан тұрып кетіп, әрлі-берлі жүріп, басын шайқап ойланып қалады, өзіне-өзі басу айтқандай ащы күлкіден кейін тыншы қалады.

Абылай пьесада да, сахнада да әр қырынан суреттеліп, күрделі бейне дәрежесіне көтерілген. Оның әрекеті өкініш-күйінішпен шектелмейді. Ханның ел басылық биік парасаты, тектілігі мен өктемділігі қойылымда салқын салмақтылықпен, жалпы қазақ жұртының кемеңгері кейпінде актер ойынында шынайы көрініс тапқан. Орыс пен Қытайдың елшілері әдеттен озып, тым еркінсіп кететін хабарды жеткізгендегі Абылайдың сөзі мен қимылы егеменді елдің басшысына тән, көрермен қауымын бұл көріністі асқан ілтипатпен қабылдауы содан. «Мұнда орыстың әмірі де, қытайдың жарлығы да жүрмейді! Бұл – қазақтың жері. Ханы – Абылай!». Елінің егемендігіне, қазағының бірлігіне, өзінің сара саясатына сүйенген Абылай сияқты кемеңгердің аузынан шығатын қасиетті сөз. Демек, мұнан кейінгі көрініс осы бір жайды дәлелдегендей сипатта берілген. Абылайдың романтикалық серпін-жігермен тақтың сыртын ала жеке дара ілулі тұрған ер қаруы – бес қаруды бірінен кейін бірін қолына алып, үш жүздің ел қамын ойлаған, іргесін бекітіп жерін қорғаған батырларына бағыштауы – оларды басын қосып ұлт бірлігін ойластыру идеясынан туған сахналық шешім.

Абылай туралы қойылған екінші спектакльде, оны ақ киізге орап хан сайлаудан басталатын ел басқару кезеңі Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» драма дастанынан бастау алған. Режиссер Болат Атабаев мұны қазақ ұлтының тарихындағы ұлы әлеуметтік құбылыс ауқымындағы эпикалық үлгіде шешуге ұмтылыпты. Театрдың өз труппасына жастар театры ұжымының да актерлері, балет артистері шақырылып, сахна алаңы көп адамдық тұтас әрекет орнына айналдырылған. Музыка, хор мен би қосылып, қойылымның жанрлық табиғаты да ұлғайтылған. Қазақ елінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы ғасырлар бойы жүргізген күресі шынайы бейнесін тапқан. Мұның ғұмыры ұзақ болмағанымен, қойылым театрдың бір кезеңдік табысы болғаны ақиқат. Және ол табыс спектакльдің орталық һәм бас қаһарманы Т. Жаманқұлов сомдаған Абылай хан бейнесіне тікелей байланысты. Пьесаның жазылу стилінде осы Абылай хан әрекетке араласатын көріністеріндегі елшілерді қабылдау мен ел жақсыларымен ақылдасатын сахналарында қайталау сарыны, баяндаушылық ұқсастық бар. Актер осындай кедергі келтіретін кедір-бұдырлықты шеберлігімен жеңіп, Абылай ханның зор, тарихи бейнесін сомдаған. Елшілерді қабылдау сахналарында ханның «елдестіру елшіден» тәсілін ұстанып, оның жүйесін тауып сөйлейтін шешендігін, қарсы алдындағы кісінің ойын оқитын алғырлығын, сөз саптау ерекшелігін шынайы ашқан. Және қабылдаған адамына қарай ханның жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы да оқиға дамуына қарап өзгеріп отыруы – орындаушының сахналық әрекет мән-мағынасына ден қоюынан туындап отырады. Артық әрекет, бос сөз мұнда жоқ. Қазақтың қамы мен болашағы, жан-жағын қоршаған елдердің саясатын іштей барлап, толғанысқа түсетін көріністердегі Абылай – актер ойынының жемісі болып тартылған. Осы орайда Әмірсана тағдыры – ел тағдыры деп түсінген актер сөз әрекетіне мейлінше көңіл аударып, соның астарын, философиялық мазмұнын ашуға ұмтылады. Өз отандастарымен тілдесетін сахналардағы олардың сөздерін жерге тастай алмай толғанып сөйлейтін Абылайдың кейбір қиналыстарын, ой тоқтатып, кідіріп қалу сәттерін актер ішкі көңіл-күй арпалысы арқылы жеткізген. Сөйлеп кетсе, толассыз ақылдың данасы, сырт дұшпаннан ел қорғаған көсем Абылай хан бейнесі актердің тағы бір биік белесі болып қалды.

Абылай жайындағы екі спектакльде де басты рольді ойнау, әрине, орасан қиындығымен бірге шығармашылық жауапкершілікті сезінген Т. Жаманқұлов ұлт тарихындағы хандық кезең мен Абылай ханға байланысты қыруар еңбектерді қопарып, нағыз зерттеушілік жұмыс жүргізген. Ол өзінің ұзақ жылғы актерлік қызметіндегі роль үстіндегі жұмысында режиссер түсініктемесімен (трактовка) бірге өзінің түйсік-түсінігін, өзінің пайымдауы мен қалыптауын ұсыну, соған табан тіреу – оның шығармашылық үйреншікті ізденісіне айналған құбылыс.

Сексенінші жылдардың аяғында М. Әуезов театры шығармашылық тоқырау кезеңдерін басынан өткерді. Оған тоқсаныншы жылдардағы егемендіктің, әлеуметтік һәм экономикалық өзгерістердің уақыты да тап келді. Театр жолайрықта, бағыт-бағдарынан адасып, келмеске кеткен кеңестік идеологияның құрсауынан шыға алмай, тұралап қалды. Осы мекемені отыз жыл басқарған, театрды талай биікке көтерген кесекті тұлға Ә. Мәмбетов те суреткерлік тұрғыдан шау тартып, шығармашыл ұжым қайраңға отырды. Көркемдік жетекші де, актерлар қауымы да моральдық құлдырауға ұшырады. Осы тұста Мәдениет министрі болған Е. Рахмадиев өте батыл қадам жасап, театр тізгінін жас, әрі қажырлы, әрі елге ерекше танымал тұлға болып қалыптасып қалған

Тұңғышбай Жаманқұловтың қолына беруге шешім қабылдады. Және бұл бетбұрыс өзін-өзі ақтады да! Тұңғышбай асқан жауапкершілікпен театрды осы бір қиын кезеңнен қаранарша көтеріп алып шығып қана қойған жоқ, сонымен бірге, мүлде жаңа белеске көтерді. Мемлекетіміз экономикалық дағдарыстың қиын кезеңін басынан өткеріп жатқанда, театр ұжымы іскер де қағылез басшысының арқасында айлықтарын басқалардай алты айлап зарығып күтпей, уақтысында дәлме-дәл алып тұрды. Өнер ұжымдарын орталықтан қаржыландыру тоқтатылып, гастрольдік сапарлардың да сап тиылған кезі болатын. Сонда М. Әуезов театры үкіметтен бір тиын қаражат сұрамай, жыл сайын облыс орталықтарына барып өнер көрсетті, әр маусымда толыққанды спектакльдер қойылды, осы мақсатта шығармашылық ұжым қатаң тәртіпке жұмылдырылып, моральдық құлдыраудан аман қалды. 1993-2001 жылдар аралығында, Тұңғышбайдың басшылығымен театр репертуары академиялық деген атқа сай Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», Б. Римованың «Абай десем...», А.Тасымбековтың идеясы бойынша жасалған Б. Атабаевтың «Кебенек киген арулар», К. Гоццидің «Турандот ханшайым», Ш. Хұсайыновтың «Үкілі Ыбырай», И. Оразбаевтың «Шыңғыс хан», жоғарыда тілге тиек болған М. Байсеркеновтың «Абылайдың ақырғы күндері», Ә. Кекілбаевтың «Абылай хан», Е. Замятиннің «Еділ патша» (Аттила), Шахимарденнің «Томирис», К. Аширдің «Қабыл – Адам ата перзенті», М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Қ. Ысқақ пен Ә. Таразидің «Алатау сынды алыбым», М. Әуезовтың «Қилы кезең», М. Гапаровтың «Тұзды шөл» Ф. Буляковтың «Отыз ұлық болғанша» Н. Абдықадыровтың «Шыңғысханның соңғы мұхиты» және т.б. көптеген соқталы спектакльдермен толықты. Т. Жаманқұловтың өзінің идеясымен және ықтиярымен театрда драматургтер мектебі құрылып, ат-құйрығын үзісіп кеткен авторлар қайта шақырылды. Тапсырыс арқылы пьесалар жазыла басталды. Демеушілердің арқасында оларға қаламақы төлеудің жолы да табылды. Селдіреп кеткен көрерменді көбейту мақсатымен арнайы агенттік құрылды. Әр жылдың көктемінде халықаралық Театр күніне орайластыра өткізілетін «Театр көктемі» атты фестиваль ұйымдастырылды. Театрдың неше жылдан бері қордаланып қалған әлеуметтік мәселелері де театр басшысының ел іші мен үкімет адамдарының арасындағы жеке абырой-атағының арқасында шешімі табылып, отыздан астам отбасы пәтер иесі атанды. Қараусыз күйде болып, әбден тозған ғимарат та қиыннан қиыстырылып келген қаражаттың арқасында біршама жөндеуден өтті. Қазақтың бас театры ауыр кезеңдерден абыроймен аман шығып, неше жыл меңдеген сырқатынан арылды. Ең бастысы, осы жылдары бүкіл ұжымды бір адамның өресіне тәуелді етіп көгендеп қойған «көркемдік жетекші» деген кеңес дәуіріне ғана тән лауазым жойылып, театр директоры төрағалық ететін Көркемдік кеңестің алқалық статусы ірілендірілді. Сөйтіп, «қолы мен ойы байлаулы» режиссерлер суреткерлік еркіндіке жетіп, театр үлкен өнер ордасы ретінде шығармашылықтың шынайы биігіне көтерілді, жоғарғы интеллектуалдық көркемдік эстетика кеңістігіне шықты.

Т. Жаманқұлов – қалың көрермен қауымға тамаша әншілігімен танылған актер. Ол домбырамен де, эстрадалық оркестрдің сүйемелдеуімен де әнді нақышына, ұлттық бояуын қандыра айтатын шебер. Оған өткен жылы үш мың адамдық Республика сарайында ине шаншар жер қалмай өткен жеке концертті толық дәлел. Сол кеште айтылған әндердің әуезі мен мұңын, сазы мен сырын, шерін, пәлсапалық ой тереңдігін тап басып, өз жүрегінің жырын естігендей болған көрермен, айызы қанып, арқа-жарқа болып тарқағанын өз көзімізбен көрдік. Әннің айтылу өрнегі, тақырып таңдау үлгісі, мақам мен сөз сұлулығы – бәрі де сол күні сылқым сезіммен сыңғырлап, келісім мен үйлесім тапты. «Ән айтқанда, жаныңды жеп айтасың» деген сөзді өнерге талғампаз қазақ осындайдан ойына алған білем. Қазіргі көп әншілерге сабақ болардай Тұңғышбайдың бұл қыры бөлек әңгімеге арқау боларлық. Ол – өзіндік әншілік даралығымен танылған шебер.

Жұрттың бәрі бірдей біле бермейтін Т. Жаманқұловтың тағы бір қарымы – ғылымға бейімділігі мен ізденісі. Алқалы ортада еркін көсіліп, айтар ойын арқалы жыраулардай бусанып сөйлей алатын от тілді шешендігі. Бұрыннан өнер аулының қыруар мәселелеріне батыл араласып, орақ тілімен талай келеңсіздікке қарсы шығып, өнердің тазалығын ту ететін көптеген мақалалар жариялап, қаламы әбден төселіп қалған оның 2001 жылы жарыққа шыққан «Наз» атты көлемді кітабы – театрдың санқилы күрделі мәселелерін көтерген тамаша әдеби-ғылыми еңбек. Мұнда тұңғыш театртанушы ғалым да, жазушы да келісті көрініс тауыпты. Кітап бай деректерімен бірге оқырманды өзіне еріксіз тартып отыратын әдеби тілімен, шешендік өнерімен қызық.

Өнер сүйер қауымның бірі біліп, бірі ескермеген тағы бір қуанышты құбылыс – Т. Жаманқұлов өткен жылы «Ұлттық театрды дамытудағы шешендік өнердің орны» деген тың тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, өнертану кандидаты ғылыми дәрежесіне қол жеткізді. Қай елдің болса да сахна өнеріне ой жүгіртсек, бәрі де халық шығармашылығынан, фольклорлық бай рухани мұрадан тамыр тартқаны белгілі. Онан бөлек – өнердің дүниеге келіп, дамуы мүмкін емес. Осы аса маңызды ғылыми мәселеге Т. Жаманқұлов өзінің актерлік хәм режиссерлік қызметіне ерекше көңіл аударғандықтан келгені анық. Ұлттық театр өмірін түбегейлі зерттеумен, қисапсыз

кажырлылықпен ізденуден, тынымсыз білімге құштарлықтан – өте салмақты, салиқалы ғылыми еңбек дүниеге келді.

Актер, режиссер, әнші, қаламгер Тұңғышбай Жаманқұлов енді әлемдік және ұлттық өнертану биігіне қадам басты.

Заман. Адам. Өнер. Осы әрбір тарихи сөзден кейін нүкте қойып, асықпай дамылдап, әрқайсына терең мән беріп, мағынасына лайық ойға батасың. Сонда өткен ғасырдағы төл өнеріміздің тұнығынан қанып ішіп, ХХІ ғасырдың биігіне қарай белестен – белеске үздіксіз көтеріліп, биіктеген сайын зорая түсіп, өзгелерден оқ бойы озып, өнер әлеміне жан-дүниесімен терең бойлаған Тұңғышбай әл-Таразидің (Жаманқұловтың) Тұлғасын көресің!

Өзіне дейінгі ұлттық сахна және кино өнеріндегі төрткүл дүниеге танымал аға ұрпақтан мол тағылым алған Тұңғышбай жаңа ғасырдың биігіне нық қадаммен бет алды. Өйткені, ол – буырқанған Замана мұхитын қақ жарып, өнердің көкзеңгіріне самғап шыққан нұрлы Тұлға, теңдессіз Талант!

ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
Өнертану докторы, профессор

Бағыбек Құндақбайұлы

17-қазан, 2007 ж.

Феномен Тунгышбая

Среди ярких звезд Казахского театра и киноискусства своим высоким дарованием отличается народный артист Республики Казахстан, лауреат Государственной премии, премии Союза молодежи, кандидат искусствоведения Тунгышбай аль-Тарази (Жаманкулов). Он один из видных деятелей казахского кино, исполнитель главных ролей во многих спектаклях в театре, наставник молодежи, активный общественный деятель, благодаря своему таланту ставший известным не только в родной стране, но и за ее пределы.

Тунгышбай аль-Тарази родился в семье железнодорожника и с юности был неравнодушен к искусству. Прекрасно играя на домбре и исполняя песни, юноша в начале выбрал технический вуз, где проучился до третьего курса. Но победила тяга к искусству и в последствии, в 1973 году, он с отличием окончил актерское отделение консерватории им. Курмангазы. Особое дарование он проявил еще в студенческие годы, сыграв роль Сидорова в одноактном спектакле «Медведь» по А.Чехову. Видимо, он тогда еще понял, что для актера первостепенной задачей является – через действия, эмоции придавать словам смысл и содержание. Так учили его педагоги Хадиша Букеева и патриарх казахской актерской школы Аскар Токпанов.

Т. Жаманкулов, начиная с первой роли Бейсенбая в спектакле «Дала дастаны» Кудаша Мукашева, который он сыграл, и до последней – хана Жанибека в его же постановке «Казахи», создал незабываемые портреты многочисленных, многоликих персонажей. Известно, что успех сценического достижения любого актера заключается не в количестве сыгранных ролей, а в неповторимой художественной образной интерпретации. Тунгышбай всю жизнь находится в творческом поиске. Поэтому среди созданных им образов есть такие, которые уже можно отнести в национальную сокровищницу художественных ценностей. В этом ряду образ Котыбара в спектакле «Айман-Шолпан» М. Ауэзова, лирико-героический образ Сырыма в «Карагозе», Бактыгула в «Тангы жангырык» К. Искака, многоплановые и характерные персонажи, нашедшие свои удивительные художественные решения через актерское искусство Т. Жаманкулова.

Сам Тунгышбай считает, что он пришел в кинематограф поздно. Начав свой путь в кино с маленькой эпизодической роли в фильме «Уральск в огне» известного режиссера М. Бегалина,

актер быстро, за короткий срок, приобрел популярность. В 1980 году он удостоен премии Союза молодежи Казахстана за совершенно новую трактовку образа Танибергена в фильме «Кровь и пот» по роману А. Нурпеисова. Эта работа стала решающим в дальнейшей судьбе актера кино и театра, режиссера Т. Жаманкулова.

После многих ролей, исполненных в различных фильмах, он снялся в образе Каирхана в фильме «Гибель Отрара» режиссера Ардака Амиркулова. Этот фильм принес ему большое общественное признание, и он был в 1992 году удостоен Государственной премии Республики Казахстан, а фильм отмечен многими престижными призами международных кинофестивалей.

Т. Жаманкулов недавно закончил работу в фильме Б. Калымбетова «Сардар». Образ Шоная он трактовал в стиле голливудских актеров, нашел новый подход в образном решении. Его творческая находка, решение, игра были неожиданными.

Т. Жаманкулов создал неповторимые образы в разных жанрах драматургии. Многоплановый актер, работая в жанрах комедии, драмы, трагедии, эксцентрической комедии, эстрадной миниатюры, даже в тяжелой психологической драме, свои персонажи осваивал с особым художественным вкусом, изучая их тщательно. В этой связи надо отметить передачу «Тамаша», ставшей «брендом» казахского телевидения. Т. Жаманкулов был одним из организаторов и исполнителем различных ролей. Он своей игрой и интеллектуальным юмором, тонким эстетическим вкусом, этичной шуткой завораживает многотысячную аудиторию.

После обретения независимости в казахской драматургии появились такие произведения, как «Томирис» драматурга Шахмардена, «Казахи» К.Ыскака и Шахмардена; «Последние дни Абылая» М. Байсеркенова; «Абылай хан» А. Кекильбаева и др. В осуществлении патриотических художественных идей Т. Жаманкулов работал неустанно и готовился тщательно к режиссуре. Будучи преподавателем Национальной Академии им. Т.Жургенова, он в качестве дипломной работы поставил спектакли «Принцесса Турандот» Карло Гоцци и «Соленая пустыня» М.Гапарова. Во время постановки Т. Жаманкулов приобрел бесценный режиссерский опыт и знания. Впоследствии он на сцене академического театра им. М.Ауэзова осуществил задуманное, поставив такие этапные спектакли как «Томирис», «Казахи». Дипломные работы его студентов «Принцесса Турандот» и «Соленая пустыня», переосмысленные, новыми исполнителями некоторых ролей очень удачно перешли на большую сцену. Праздниками в стране стали эти спектакли. И люди еще долго будут произносить благодарственные слова великому артисту. К тому же в двух спектаклях актер сам сыграл роль Абылай хана, что налагала огромную ответственность на него, не говоря уже о трудностях. Талант Т. Жаманкулова, истинно национальный, стал достоянием всего народа.

В прошлом году радостным событием в жизни народного артиста стала, впервые среди действующих актеров защита кандидатской диссертации по искусствоведению на тему «Значение ораторского искусства в развитии национального театра». Исследование постановок национального театра, трудолюбие и любовь к знаниям дали свои плоды – появился солидный научный труд. Хотя и раньше он писал различные статьи, и первая книга «Наз» увидела свет еще в 2001 году, посвященная различным проблемам театра.

В конце 80-х годов театр им. М. Ауэзова переживал творческий кризис, обусловленный социально-экономическими преобразованиями в стране и кадровыми проблемами внутри театра. В это тяжелое время Т.Жаманкулов был назначен директором театра. Тунгышбай работал умело и с большой ответственностью. Он не только вывел театр из кризиса, но и поднял на новый высокий творческий уровень, а также привел в порядок финансово-хозяйственную и управленческую деятельность.

Т. Жаманкулов прекрасно исполняет народные песни. Он поет с особым колоритом под аккомпанемент домбры и эстрадного оркестра. Свидетельством тому – аншлаг во время его первого сольного концерта во Дворце республики.

Тунгышбай Жаманкулов – талантливый актер, режиссер, певец, ученый-педагог, вышедший из народной среды. Получив известность в театре и кино, он не успокаивается, а, напротив, старается углублять и совершенствовать себя лично и профессионально, чтобы не заштамповать успех, не повторять достигнутое.

Tungyshbai`s phenomenon

(in the halo of a talent)

Among the famous stars of the Kazakh theatre and cinema art, the People`s actor of the Republic of Kazakhstan, the State prize winner, the Youth Union prize winner, the candidate of study of arts, Tungyshbai al-Tarazi (Zhamankulov) is a person of a particular talent. He is one of the Kazakh Honoured Art Workers, the performer of main roles in many performances of the theatre. He multiplies his talent as an inquisitive scientist, as a skilful youth instructor and as an active public figure, having become well-known owing to his many-sided mastery, not only in his country but outside it.

Tungyshbai al-Tarazi was born in the family of a railway worker and since his youth was not indifferent to art. Playing the dombra and singing were his starting point of a big way, which led the boy to a professional school. Later he finished successfully the actor department at the Kurmangazy conservatory in 1973. Tungyshbai displayed his peculiar actor gift even since his student-days when he played the role of Sidorov in the one-act play «Bear» after A. Chekhov. It seemed he understood at that time about the paramount importance for an actor - through words

to pass to actions emotions, sense and matter. That was the essence of what he taught by his instructors Khadisha Bukeyeva and Askar Tokpanov.

T. Zhamankulov, beginning from his first role of Beisenbai in the performance «Dala dastany» by Kudat Mukashev and to the last role of khan Zhanibek under his staging, in «Kazaktar» after K. Iskak and Shakhmerdan, i.e. within the limits of his development of an actor, he created unforgettable images of different characters. It is a well-known fact that any actor`s merit of stage achievement lies not in the number of played roles, but in the unique art image interpretation. From this position, Tungyshbai`s development of an actor is the result of an essential conscientious actor`s search. That`s why, among images created by him, there are those which could be referred to the national depository of artistic values. To this number, images of stern Kotybar in the performance «Aiman-Sholpan» after M. Auezov, lyrico-heroic image of Syrym in «Karakoz» after the same author, Bakhtyngul in «Tangy zhangyryk» after K. Iskak – they are all distinctive characters which found their amazing realization through artistic mastery of Zhamankulov.

Tungyshbai himself thinks, he came to cinematography a bit late. Having begun his way to the cinema with a little episodic role, owing to a well-known producer M. Begalin`s presenting, in the film «The city of Uralsk in fire», Zhamankulov quickly feels at home in his role and during a short time became one of the most popular film stars. In 1980 he became a Youth Union Prize winner of Kazakhstan for a quite new interpretation of Tanirbergen in the film «Blood and Sweat» after A. Nurpeyisov`s novel. This work became decisive in the subsequent fate of Zhamankulov – a cinema and theatre actor, producer-researcher.

After a number of roles, played in different films he acted as Kairkhan in the film «Ruin of Otrar» by Ardak Amirkulov as a producer. This film brought him a big public recognition and was awarded to the State prize of the Republic of Kazakhstan in 1992, and the film was marked by many prizes of international film festivals. Continuing the creative cooperation with cinematography, Zhamankulov lately finished his work in the film «Sardar» after B. Kalymbetov, where he interpreted the image of Shonai in the Hollywood style, but due to this the national hero not only didn`t suffer, but acquired new features and tinge.

T. Zhamankulov in his many years development of an actor created unique images in different genres of dramatic art. Being a many-sided actor – working in comedy, drama, tragedy, as comic actor, as a variety performer and even in a painful psychological drama, he acted his images with a peculiar artistic taste, penetrating into the essence of their characters.

In this connection, it should be marked that the programme «Tamasha» became a many years brand of the Kazakh TV and Zhamankulov was one of the TV art organizers and performers. During two years it was one of the aspects of his creative activity which requires separate consideration.

Since long, the Kazakhs dreamed about freedom and independence of their country. This theme certainly arouses feelings of patriotism, national pride in them. After acquiring the independence, there appeared such works as «Tomiris» by playwright Shakhimardan, «The Kazakhs» by K. Iskak, «The last days of Ablai-khan» by M. Baiserkenov, «Ablai khan» by A. Kekilbayev and others. Realizing these artistic ideas, T. Zhamankulov worked hard and carefully prepared for producing. His teaching activity at the Zhurghenev National Academy promoted him in it, where he staged «Princess Turandot» after Karlo Gotsi as a diploma work and «Tuzdi shol» by Myrza Gapparov. During that activity he improved

his big experience and knowledge as a producer. Later Zhamankulov put up «Tomiris», «Tuzdy shol», «Princess Turandot», «The Kazakhs» and other performances, already as a producer. They were in fact creative achievements of the theatre. It was a result of his big efforts, made by as a producer. Besides, in both performances about Ablai khan, while playing the main role, Zhamankulov bore a big responsibility at the same time as a producer. Recognizing this, Zhamankulov carried out a real research study, having learned a great number of books, afterwards it all resulted in studies and became a support for all his activity.

An inclination to scientific findings of T.Zhamankulov as one of his gift displays is known not to everyone, though political articles were published many times. His first book «Naz» was issued in 2001 in scientific-popular genre. It was devoted to different problems of a theatre.

Last year, the defence of a thesis for a candidate of study of arts under the theme «The place of rhetoric art in the development of a national theatre» became a significant event in his life. Making a study of a national theatre life and love to knowledge bore fruit – it resulted in a sound scientific work.

At the of 80th the M.Auezov theatre passed a hard creative crises, stipulated by social-economic transformations in the country and staff problems at the theatre. In those hard times T.Zhamankulov was assigned a theatre director. Tungyshbai worked hard and reasonably, taking a big responsibility, he helped the theatre not only out of the crises but raised a creative, financial-economic and managing personnel's activity to a much higher level.

T.Zhamankulov is well-known to a broad public by his actor singing. He sings to the accompaniment of the dombra and a variety orchestra, following the national traditions of musical genre and colour. An evidence to that is «the full house» during his solo concert at the Republic Palace.

Tungyshbai grew out of depths of national culture – a talented actor, producer, singer, scientist-teacher.

Актердың
балалық шағы

